

«Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, оны өткізу форматын және тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

3. Байқаудың міндеттері:

1) жас суретшілердің эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу;

2) қосымша көркемдік білім беруді дамыту, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуде, оқытуда және шығармашылық дамытуда балалар көркемсурет мектептерінің рөлін арттыру;

3) қатысушылардың ой-өрісін, олардың көркемдік қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігін кеңейту.

4. Фестивальді Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша **күндізгі (офлайн) форматта** өткізіледі.

5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын байқау ұйымдастырушылары қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі

6. Байқау **2023 жылғы 22-23 қыркүйекте** өткізіледі. Қатысушылардың келу уақыты - 2023 жылғы **21** қыркүйек, кету уақыты – 2023 жылғы **24** қыркүйек.

Өткізу орны: **Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы.**

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ілеспе хатты 2023 жылғы **04 қыркүйекке дейін** konkurs.muz@mail.ru электрондық поштасына жібереді:

7. *Хатқа қосымша:*

1) байқаудың облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық жеңімпаздардың қатысуы туралы өтінім (қатысушының Т.А., туған жылы, білім беру ұйымы, сынып, үй мекенжайы, телефоны);

2) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары.

3. Байқауға қатысушылар

8. Байқауға облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдердің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 10-17 жастағы (18 жасқа дейін) білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатысады:

1) 10-13 жас;

2) 14-17 жас.

9. Қатысушылардың жалпы саны – **132** білім алушы (бөлу парағы қоса беріледі). Байқауға өңір қатысушыларының жалпы санына кірмейтін 1 (бір) жетекші жіберіледі.

10. Байқау өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұратын жеріне қайтар жолда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармасы айқындаған топ басшысы жауапты болады.

Топтың әрбір қатысушысы байқау өтетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өз заттарының сақталуына жауапты болады.

11. Топ басшысының жанында келесі құжаттар болуы керек:

1) білім алушыларды және топ жетекшілерін байқаудың республикалық кезеңіне қатысуға жіберу туралы білім беру басқармасы басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (білім алушының Т.А. (толық), туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, үй мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыс атауы, басшының Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын куәлік (паспорт), қатысушылардың туу туралы куәлік құжаттарының көшірмелері;

4) дәрігердің қолымен және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) қатысушылардың ата-аналарының нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

12. Облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әрбір делегациясында мынадай киім нысаны болуы қажет: бүкіл команда үшін бірыңғай бас киім, спорттық формасы, жеке гигиена заттары.

4. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

13. Байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Байқау.

14. Байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу орны мен мерзімі облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) білім бөлімдері мен басқармалары басшыларының бұйрықтарымен айқындалады.

15. Байқау өңірлік кезеңдері адамдардың көп жиналуына жол бермей санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып өткізіледі.

16. Байқау номинацияларындағы жұмыстар кез-келген техникада (акварель, май, пастель, қарындаш, гелий қаламы, түрлі-түсті қарындаштар, аралас техника) кез-келген материалда (картон, қағаз, кенеп, т.б.) орындалады.

17. Байқауға жеке жұмыстар қабылданады (әр номинация бойынша – 1 жұмыс). Бір қатысушы бір номинацияға қатысады. Әр номинацияға бір қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

Байқау мына номинациялар бойынша өткізіледі.

1) «Менің елім - менің жерім»:

- **классикалық кескіндеме** (портрет, пейзаж), әр жас санатынан 1 қатысушы;
- **тақырыптық натюрморт** (халық тұрмысы заттарының немесе халық қолөнері мен қолөнер бұйымдарының бейнесі), әр жас санатынан 1 қатысушы;

2) «Таланттар палитрасы»:

- **авангард және эксперименттік кескіндеме** – кез-келген композициялық шешім, әр жас санатынан – 1 қатысушыдан;
- **сюжеттік композиция** («Жер бетіндегі үздік демалыс», «Менің әуестігім», «Мен және менің отбасым»), әр жас санатынан – 1 қатысушыдан.

Жұмыстың ең аз көлемі: 30x40 см-ден, бірақ 55x65 см-ден аспайды. Барлық жұмыстарға қол қойылуы керек (аты-жөні) және көлемі 12 см x 4,5 см жапсырма болуы керек.

Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың айқын оқылатын аты, тегі, жасы жазылуы тиіс.

18. Конкурстық жұмыстарды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Бағалау критерийлері:

- өзіндік ерекшелігі;
- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;
- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;
- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру.
- күрделілік дәрежесі;
- ой ерекшелігі;
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім);
- сындарлы шешімнің бірегейлігі.

5. Қорытынды және байқауды марапаттау

19. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Анықтама телефоны: +7 (7172) 64-75-92, +7 701 183 16 66.

6. Жарысты Қаржыландыру

21. Аудандық, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Байқау кезендерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

22. Байқауға қатысушылардың өткізілетін жерге бару және кері қайту жол ақысы және жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

Топ жетекшісінің іс-сапар ақысын төлеу-жіберуші тарап есебінен.

23. Байқау өткізу кезінде қатысушылардың (топ жетекшісін қоспағанда) жатын орны және тамақтануына шығыстар Республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

Ережеге қосымша

«Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауына қатысуға өтінім

№ п/п	Қатысушының Т.А.	Білім беру ұйымының атауы, сыныбы немесе мектептен тыс ұйымның атауы	Тұрғылықты мекен-жайы, (индекс, Облыс, қала, ауыл, үйдің, пәтердің №, <small>тапалық</small>)	Туған күні	Педагогтің Т.А.Ә., байланыстар
10-13 жас санаты					
«Менің елім - менің жерім»					
1		классикалық кескіндеме			
2		тақырыптық натюрморт «Таланттар палитрасы»			
1		авангард және эксперименттік кескіндеме			
2		сюжеттік композиция			
Жас санаты 14-17 жас					
«Менің елім-менің жерім»					
1		классикалық кескіндеме			
2		тақырыптық натюрморт «Таланттар палитрасы»			
1		Авангард және эксперименттік кескіндеме			
2		сюжеттік композиция			

Лист распределения участников

№	Облыстар мен Республикалық маңызы бар қалалар	Қатысушылар саны
1	Абай облысы	7
2	Ақмола облысы	7
3	Ақтөбе облысы	7
4	Алматы облысы	7
5	Атырау облысы	6
6	Шығыс Қазақстан облысы	7
7	Жамбыл облысы	6
8	Жетісу облысы	6
9	Батыс Қазақстан облысы	6
10	Қарағанды облысы	7
11	Қостанай облысы	6
12	Қызылорда облысы	7
13	Маңғыстау облысы	6
14	Павлодар облысы	7
15	Солтүстік Қазақстан облысы	6

16	Түркістан облысы	7
17	Ұлытау облысы	6
18	Астана қаласы	7
19	Алматы қаласы	7
20	Шымкент қаласы	7
		132